

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған  
**«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»**  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**  
7 сәуір 2016ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**  
международной научно-практической конференции  
**«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»**,  
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета  
7 апреля 2016г.

**PROCEEDINGS**  
of the international scientific-practical conference  
**“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**  
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty  
7 April, 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

**Редакционная коллегия:**

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

**Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер:** Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы \_ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. \_ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 \_ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 \_ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

**УДК 336: 338.48 (063)**

**ББК 65.261**

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

на одни и те же методы, но применяют их по-разному, только основываясь на социально-экономических условиях системы имеют немного схожест и их можно представить в виде моделей.

Изучая международный опыт стран, можно понять с какими проблемами сталкиваются они, какие методы используют и это приводит к насыщению науки и практики бухгалтерского учета[3].

Много организация занимались разработкой учетных принципов для гармонизации процессов учета на протяжении нескольких лет. В итоге на сегодняшний день стандарты GAAP и международные стандарты используются во многих странах. С 2002 года, в результате соглашения между Комитетами по бухгалтерскому учету США и МСФО, начался процесс приведение данных стандартов к единому знаменателю.

Особое внимание в Республике Казахстан уделяется реформированию системы бухгалтерского учета и финансовой отчетности, и аудита. Среди моделей учета наша страна выбрала Международные стандарты финансовой отчетности (МСФО), которые созданы Советом по международным стандартам финансовой отчетности, и международные стандарты аудиты (МСА).

Однако, проанализировав существующие модели можно сказать, что организация бухгалтерского учета в Казахстане ориентирована ближе к англосаксонской.

На сегодняшний день учет представлен не только анализом хозяйственной деятельности, но и происходит значимая аналитическая деятельность, в которую включены прогнозирование и планирование, а также контроль результатов для ликвидации нежелательных моментов.

#### **Литература:**

1. Гуляев, Н.С. Основные модели бухгалтерского учета и анализа в зарубежных странах: учеб. пособие / Н.С. Гуляев, Н.С. Ветрова. – М.: КНОРУС, 2004. – 144 с.
2. Грицищен, Д.А. Регулирование бухгалтерского учета в мусульманских странах // Международный бухгалтерский учет. – 2011. – № 15. – С. 56–68.
3. Евстафьева, Е.М. Зарубежная практика формирования учетно-аналитического обеспечения управления собственным капиталом коммерческих организаций // Международный бухгалтерский учет. – 2011. – № 37. – С. 63–71.

### **ЛИЗИНГТІК ОПЕРАЦИЯЛАР ЕСЕБІ, ОЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ**

*Қамаш Г. Н., Успанбаева М.К.*  
Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ  
Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: guleka\_97.97@mail.ru

Қазіргі кезде республика экономикасының басты бағыттарын дамытуда орта және кіші кәсіпкерлікке аса көңіл аударылады. Ал қандай да болмасын кәсіпкерлік ең алдымен инвестицияны қажет етеді. Технологияның өзгеріп, күрделенгені сонша, еңбекті ұйымдастыру мен бөлуге, қаржы айналымын тездетуге, бақылаудың жаңа түрлерін ұйымдастыруға, артылған тауарлар санын қысқартуға, өнімнің өтуін тездетуге көңіл аудару қажет болды. Кәсіпкерлік қызметті инвестициялаудың маңыздылығына сүйене отырып, Қазақстан Үкіметі лизинг қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын бірқатар қаулылар қабылдады.

Лизинг өндірістік кәсіпорындарға инвестицияларды жұмылдырудың жалғыз ғана перспективалық түрі болып саналуда. Лизинг дегеніміз не? Оның қарапайым банк кредитінен артықшылығы немес кемшілігі неде? Лизинг кәсіпорындар үшін қаншалықты маңызды? Лизингтің ұйымға немесе клиентке, банкке немесе лизинг берушіге пайдасы қандай? Ол қаншалықты қолжетімді және кімдерге есептеледі? Лизингке не алуға болады және лизингтік келісім қалай жасалады? Өзімнің осы мақаламда осындай және өзгедей сұрақтарға толық, нақты жауап беруге тырысамын.

Лизинг («lease» мүлікті жалға алу немес өткізу) деп – лизингтік мақсаттағы мүліктерді алу және беру жөніндегі экономикалық және құқықтық қатынастарды айтуға болады. Лизинг қызметі нарығында көптеген компаниялар жұмыс істейді. Олар көптеген кәсіпорындардың өндіріс техникасын жаңалай отырып, қаржы ресурстарының тапшылығы кезінде көмек береді. Яғни дағдарыстан шығудың және болашақта экономиканың көтерілу негізін қалайды. Сондықтан да лизинг көптеген кәсіпорындар үшін өте маңызды болып табылады. [1]

Лизингтік қатынастар қатысушылардың лизингтік шарты негізінде жүргізіледі. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 565 – бабына сәйкес:

1. Лизинг шарты бойынша лизинг беруші лизинг алушы көрсеткен мүлікті сатушыдан меншігіне сатып алуға және лизинг алушыға осы мүлікті ақы төлеп уақытша иеленуге және кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға беруге міндеттенеді.

2. Лизинг шартында, сатушыны және сатып алынатын мүлікті таңдап алуды лизинг беруші жүзеге асырады деп көзделуі мүмкін.

3. ҚР Заң актілерімен сәйкес лизинг шартының жекелеген түрлерінің ерекшеліктері белгіленуі мүмкін. [2]

Лизинг көбіне үш немесе одан да көп жақтың қатысуын көздейді: лизинг беруші, лизинг алушы және сатушы. Алайда мәміле екі тараппен де жасалуы мүмкін. Лизинг алушы жабдықтаушыдан өзіне қажетті құралдарды тауып, лизинг беруші сатушыдан сатып алынатын зат жайлы келісіледі. [3]

Лизингтік шарт негізіне сай лизинг берушілер мына төмендегі шараларды орындауға міндетті:

– Белгілі бір сатушыдан белгілі бір лизингтік объектіні, лизинг алушыларға белгілі бір төлем алу үшін өз меншігіне сатып алып, белгілі бір мерзімге, белгілі жағдайларға сай лизинг алушыларға беруге;

– Лизингтік шарт мазмұнынан туындайтын басқа да міндеттемелерді орындауға

Лизингтік шарт негізіне сай лизинг алушылар мына төмендегі шараларды орындауға міндетті:

– Лизингтік шартта қаралған жағдайларға сай лизингтік объектіні қабылдауға;

– Лизингтік шартта көрсетілген лизингтік төлемдерді, көрсетілген уақытында лизинг берушілерге төлеу;

– Лизингтік шарт мерзімінің соңында лизингтік объектіні (егер шартта басқада қосымша шаралар қаралған жағдайда) лизинг берушілерге қайтару немесе сатып алу – сату шартына сай лизингтік объектіні өз меншігіне алу;

– Лизингтік шарт мазмұнынан туындайтын басқа да міндеттемелерді орындауға.

Лизинг берушілер, лизинг алушылар және сатушылар жауапкершілігі мен міндеттеріне сай сатып алу – сату келісімшарты және Қазақстан Республикасы Заң актілерімен бекітіледі. Лизингтік шартта мына төмендегідей міндетті және маңызды жағдайлар қаралуы керек: келісім шарт объектісі, сатушының аталуы, лизингтік объектіні лизинг алушыларға беру мерзімі мен жағдайлары, лизингтің төлемнің мөлшері және төлейтін мерзім, лизингтік объектінің құны, шарт мерзімінің ұзақтығы, объектінің қысқаша сипаты, объектіні жөндеуден өткізу және күту, сақтандыру, лизингтік объектіні мемлекеттік тіркеуден өткізу, лизингтік операция жүргізуші жақтардың міндеттемелерінің орындалуын тексеру, қатысушы жақтардың өзара жауапкершілігі анықталады.[3]

Лизингтік операциялар объектісіне үйлер, ғимараттар, машиналар, жабдықтар, құрал саймандар, көлік құралдары лизинг нысанасы бола алады. ал, бағалы қағаздар, жер учаскелері мен табиғи ресурстар лизинг нысанасы бола алмайды. Келісім шарттағы лизингтік объектінің жалпы сомасына осы объектіні сатып алу бағасы (егер меншік құқығы ауыстырылатын болса) қосылуы мүмкін. Лизингтік келісім жасаушылар лизингтегі объектіге амортизация есептеу тәсілін, қай жақтың бухгалтерлік балансында тұрғандығына сай белгілейді.[2]

Көптеген ұйымдар немесе фирмалар өздерінің даму кезеңінде, мысалы жаңа ұйымдар құратын жағдайда немесе жаңа технологиялар енгізер алдында қандай да бір құрал жабдықтарды банкке белгілі бір мөлшерде ақша төлеу арқылы лизингке алғанды жөн деп санайды. Өйткені, бұл ұйымның шығыстарын азайтумен қатар, құрал жабдықты аз уақыттың ішінде ұйым меншігіне алуға мүмкіндік туғызады.

Лизингтің артықшылықтарына тоқталатын болсақ:

–Өндірістік қуаттылықтарды айналымдық қаражатты жұмсамастан жаңарту;

–Мүлік лизинг алушы кәсіпорынның балансында көрсетіледі;

–Лизинг келісімшартының әрекет мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін;

–Лизинг бойынша сыйақы түгелдей шегерімдерге жатқызылады;

–Лизинг келісімшарты әрекет еткен мерзім ішінде ҚҚС біркелкі мөлшерде есептеледі;

–Лизинг берешекті өтеу кестесін жасау тұрғысынан аса икемді болып келеді;

–Лизингтің заты лизинг келісімшарты аяқталғаннан кейін лизинг алушының меншігіне беріледі;

–Сатып алынып отырған лизинг заты лизинг мәмілесінің бірден бір қамтамасыздығы болып табылады.

Лизинг есебі Қазақстан Республикасының «Қаржылық лизинг туралы» Заңының 22б. талаптарына сәйкес жүргізіледі, Есеп тәртібі 17 «Жал есебі» бухгалтерлік есеп стандарттарымен, оларға әдістемелік ұсыныстармен және 17 «Жал» ҚЕХС-мен белгіленген.

Мысалы, лизинг беруші жабдықтаушы-сатушыдан құны 12000,0 мың теңге жабдыққа төлемақы төлеп, сатып алады. Пайдалы қолдану мерзімі 10 жыл деп белгіленген. Лизинг беруші шартқа сәйкес, лизинг алушыға жабдық береді. Пайыздық мөлшерлеме 20% болып белгіленген. Жал мерзімі біткен соң мүлік лизинг алушының меншігіне беріледі. Жал төлем есебі үшін мынадай формуланы қолдануға болады:

Мұндағы,

– жабдық құны (12000,0)

– пайыздық мөлшерлеме (20% : 12 ай = 1,67%)

T – төлем мерзімінің саны (10 жыл x 12 ай = 120)

Лизинг алушы жабдықтаушыдан алған активтерін әрі қарай қаржылық жалға беру үшін қорлар шотында нақты құнымен есептеледі. Жалға берілгенге дейін лизинг заты ҚЕХС 2 «Қорлар» бөлімінде қарастырылады.

Лизинг беруші активтерді өз бухгалтерлік есебінде дебиторлық берешек түрінде есептеуі керек, жалға таза инвестицияланған сома көлемінде (жеңілдетілген түрлерде – лизингтік төлемдердің жалпы сомасынан қалған лизинг мерзіміне лизинг бойынша сыйақыларды алып тастау арқылы).

Негізі ҚР – да қолданыстағы лизинг операцияларында жалға төленген таза инвестиция қаржылық жалға беріліп жатқан мүліктің нақты құнына тең.

Лизинг бойынша сыйақы табыс және пайда болуына байланысты дебиторлық берешек боп танылады.

Лизинг берушінің бухгалтерлік есебінде лизингке берілетін мүлік дебиторлық берешек ретінде есептеледі:

№	Шаурашылық операцияларының мазмұны	Дебет	Кредит	Сома
1	2	3	4	5
1.	Лизинг шарттарымен жабдық алынды	1330«Тауарлар»	3311 «Жабдықтаушылар мен мердігерлердің қысқа мерзімді қарызы»	12000,0
2.	Лизинг алушыға лизинг шарты бойынша жабдық берілді	2160 «Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек»	1330«Тауарлар»	12000,0
3.	Лизинг бойынша	2170 «Алуға	6110 «Сыйақылар бойынша	232,21

	пайыздар есептелді	арналған ұзақ мерзімді сыйақылар»	кірістер»	
4.	Негізгі қорларды өтеуге алынды	1030 «Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттары»	2160 «Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек»	12000,0
5.	Лизингтік төлемдер пайыздық бөлікте алынды	1030 «Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттары»	2170 «Алуға арналған ұзақ мерзімді сыйақылар»	232,21

Осылайша, «Қаржылық лизинг туралы» Заңға сәйкес, мүлік түрінде инвестициялау ақшалай кредитке қарағанда, қаржының қайтарылмау тәуекелдігін азайтады, өйткені лизингке берілетін мүліктің меншікті иесі болып лизинг беруші қала береді. [3]

Қорытындылай келе, жылжымалы және жылжымайтын мүліктерді лизинг арқылы қомақты қаражат салымынсыз алуға болады, өндіріс құралдарының ескіруінен туындаған шығындардан құтылуға және жоқшылық пен қомақты ақшаны сақтап қалуға, не өндірісті әрі қарай жұмыс бабына алып келуге мүмкіндік береді. Сол себепті олардың қызмет етуіне лизингтің маңызы артады. Лизинг өндіріс циклінің негізгі құрамдас бөліктері ұтымды, барлығына: адам еңбегі құралдарына, техника қолдану деңгейіне және жұмыс күшіне әсер етеді.

#### **Әдебиет:**

- 1.Әбдіманапов Ә.Ә. «Қаржылық есеп: Оқулық» - Алматы, 2007. – 544б
- 2.ҚР Азаматтық Кодексі (2007 жылғы 1ақпанға дейін өзгертулер мен толықтырулар енгізілген нұсқасында) Алматы, Жеті жарғы 2007
- 3.Назарова В.Л., Жапбарханова М.С «Бухгалтерлік есеп: - Оқулық / Авт. В.Л. Назарова, жалпы ред. басқарған С.С Сатубалдин. - Алматы: «Алматыкітап» баспасы, 2012, - 624 бет.

## **ВЛИЯНИЕ НЕФТЕДОБЫВАЮЩЕЙ ОТРАСЛИ НА СФЕРУ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА**

*Марат А. Е.*

Карагандинский государственный университет имени академика Е. А.  
Букетова,  
г. Караганда, Республика Казахстан